

## Ақмола облысы Степногорск қаласының, Ақкөл, Ерейментау және Шортанды аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі № А-3/149 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 сәуірдегі № 5С-12-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 сәуірде № 3708 болып тіркелді

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосы», «селосының» «селосын» деген сөздер «ауылдық», «ауылы», «ауылының» «ауылын» деген сөздермен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

### Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес және "Ақкөл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы" Ақкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 сәуірдегі № А-4/115 қаулысы мен Ақкөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 1 сәуірдегі № С 16-1 шешімі, "Ерейментау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № а-3/154 қаулысы мен Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 5С-13/7-13 шешімі, "Шортанды ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгеруі бойынша ұсыныс енгізу туралы" Шортанды ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № А-3/92 қаулысы мен Шортанды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 9 сәуірдегі № С-15/3 шешімі негізінде Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Жалпы ауданы 12005 гектар Ерейментау ауданының Изобильное ауылы және жалпы ауданы 3302 гектар Ақкөл ауданының Қырық құдық ауылы елді мекендердің шекарасындағы жеке әкімшілік-аумақтық бірліктер ретінде Степногорск қаласының әкімшілік бағынысына берілсін.

2. Ерейментау ауданы Сілеті ауылының шекаралары, оның шекарасына бұған дейін Изобильное ауылының әкімшілік шекараларына кіретін жалпы ауданы 100203 гектар басқа санаттағы жерлер енгізіліп, қосымшаға сәйкес өзгертілсін.

3. Ақкөл ауданы Жалғызқарағай ауылдық округінің шекаралары, оның шекарасына бұған дейін Қырық құдық ауылының әкімшілік шекарасына кіретін жалпы ауданы 105698 гектар басқа санаттағы жерлер енгізіліп, қосымшаға сәйкес өзгертілсін.



Ауданның атауы	Барлық жерлер (гектар)	Оның ішінде:						
		Ауыл шаруашылығына арналған жерлер			Су астында (гектар)	Жол астында (гектар)	Құрылыс астында (гектар)	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері (гектар)
		Егістік жер (гектар)	Көп жылғы екпе (гектар)	Жайылым (гектар)				
Ақкөл	105698	35494	-	69734	220	250	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК